



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 Наурыз

2022 жылғы наурызда жылдық инфляция 12,0% құрады (ақпанда - 8,7%). Азық – түлік тауарларының бағасы бір жылда 15,4% – ға (ақпанда - 10,0%), азық – түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы – 10,9% - ға (ақпанда-8,6%), ақылы қызметтер бағасы - 8,3% - ға (ақпанда-7,1%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 17 өңірде жеделдеді. Ең көп жеделдеу Ақтөбе облысында (ақпанда 9,0% - дан наурызда 12,9% - ға дейін) және Шымкент қаласында (8,5% - дан 12,4% - ға дейін) тіркелді. Жылдық инфляция 5 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Ақтөбе және Түркістан облыстарында тіркелді (12,9%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2021 наурыз – 2022 наурыз), %-бен

Ақтөбе	7,1 12,9	Қостанай	7,0 11,9
Түркістан	7,4 12,9	Маңғыстау	7,7 11,9
Ақмола	7,5 12,6	Жамбыл	7,1 11,8
Шымкент қ.	6,7 12,4	Алматы	7,0 11,7
Алматы қ.	6,5 12,3	Солтүстік Қазақстан	7,3 11,7
Шығыс Қазақстан	7,4 12,0	Павлодар	6,6 11,4
Нұр-Сұлтан қ.	6,4 12,0	Қызылорда	7,0 11,1
Қарағанды	7,8 12,0	Атырау	7,3 10,7
Қазақстан Республикасы	7,0 12,0	Батыс Қазақстан	7,1 10,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ақтөбе (18,5%), Түркістан (17,2%) облыстарында, Шымкент қаласында (17,2%), Жамбыл (16,7%), Солтүстік Қазақстан (16,4%), Ақмола (16,2%), Маңғыстау (16,0%) облыстарында, Алматы қаласында (15,8%), сондай-ақ Қостанай облысында (15,5%) ел бойынша деңгейден жоғары (15,4%) қарқынмен қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (10,9%) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Ақмола (12,4%), Ақтөбе (12,3%), Қарағанды (11,5%), Шығыс Қазақстан (11,5%), Қызылорда (11,4%), Атырау (11,2%) және Түркістан (11,0%) облыстарында.

Елімізде ақылы қызметтердің бағасы 8,3%-ға өсті, бұл ретте өсім Алматы (9,4%), Батыс Қазақстан (9,4%), Шығыс Қазақстан (9,1%) облыстарында, Нұр-Сұлтан (9,0%) және Алматы (8,8%) қалаларында, сондай-ақ Түркістан (8,7%), Қарағанды (8,5%) және Маңғыстау (8,5%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден едәуір жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	15,4	10,9	8,3
Ақмола	16,2	12,4	7,8
Ақтөбе	18,5	12,3	5,9
Алматы	14,2	10,7	9,4
Атырау	13,3	11,2	6,4
Батыс Қазақстан	12,7	9,2	9,4
Жамбыл	16,7	10,0	6,8
Қарағанды	14,9	11,5	8,5
Қостанай	15,5	10,8	8,1
Қызылорда	13,8	11,4	6,9
Маңғыстау	16,0	9,6	8,5
Павлодар	14,9	10,3	7,6
Солтүстік Қазақстан	16,4	10,8	6,2
Түркістан	17,2	11,0	8,7
Шығыс Қазақстан	14,4	11,5	9,1
Нұр-Сұлтан қ.	15,2	10,5	9,0
Алматы қ.	15,8	10,8	8,8
Шымкент қ.	17,2	10,0	8,2

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы наурызда елімізде айлық инфляция 3,7% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жж.) наурыздағы инфляцияның орташа мәнінен жоғары. 2022 жылғы наурызда баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары барлық 17 өңірде өсті. Айлық инфляцияның өсу қарқынының ең көп үдеуі Шымкент қаласында (4,3%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы наурыздағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы наурыз айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы наурыздың орташа мәні	Наурыз 2022	Өңірлер	5 жылдағы наурыздың орташа мәні	Наурыз 2022
Қазақстан Республикасы	0,6	3,7	Солтүстік Қазақстан	0,6	3,7
Шымкент қ. ¹	0,8	4,3	Маңғыстау	0,6	3,5
Жамбыл	0,6	4,2	Қарағанды	0,5	3,4
Ақтөбе	0,5	4,1	Нұр-Сұлтан қ.	0,7	3,4
Түркістан	0,8	4,1	Павлодар	0,7	3,3
Алматы қ.	0,5	3,9	Шығыс Қазақстан	0,7	3,3
Ақмола	0,6	3,8	Қызылорда	0,6	3,1
Қостанай	0,7	3,8	Батыс Қазақстан	0,6	2,8
Алматы	0,5	3,7	Атырау	0,4	2,6

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)